



Бекітемін
Балабақина менеджерінің у.м.а:
Р.Кинкенебаева

«Шапағат» бобекжай- балабақинасының қамқоршылық кеңесінің
жұмыс жоспары.

№	Іс-шаралар мазмұны	Орындау мерзімі	Жауапты
1	Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу. Кеңес мүшелерін сайлау. Кеңес мүшелерінің міндеттерін болу (төрағасы, орынбасар, жауапты хатшы). Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну	ақпан	Меңгеруші
2	Оқу материалдық базасының сақталуы мен үнемі толтыруын қамтамасыз ету. Балабақинада туындаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу. Қайырымдылықтан түскен қаражатты жұмсалып жолын қарастыру	наурыз	Меңгеруші Қамқоршылық кеңес мүшесі
3	1-маусым Балаларды қорғау күніне орай қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп акция ұйымдастыру, өткізу. Қамқоршылық кеңесінің I жарты жылдық жұмысының талдауы	маусым	Қамқоршылық мүшелері Меңгеруші
4	Балабақинадағы балаларға берілетін тағамның сапасына мониторинг жүргізу.	қыркүйек	Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Әлеуметтік көмекке мұқтаж қамқорға алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру. Тәрбиешілермен бірлескен жұмыс. Байқаулар/Отбасылық сайыстар өткізуді ұйымдастыруға жәрдемдесу	қараша	Қамқоршылық кеңес мүшелері
6	Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдауы.	желтоқсан	Меңгеруші

**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК қамқоршылық кеңесі
отырысының
№1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 03.02.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу. Кеңес мүшелерін сайлау. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу (төрағасы, орынбасар, жауапты хатшы).

2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісінің у.м.а: Р.Кишкенебаева балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір параллель топтан бір ата-ана, жергілікті атқарушы органнан Ақсай ауылдық округі әкімі аппараты КММ- қаржы агентінің бас маманы Кадиров Қайрат, Қазақстан темір жол қызметкері Мамышев Қуаныш, жеке кәсіпкер Хамзабек Руслан, Жуалы аудандық емхана медбикесі Сатаева Ұлтусын, «Жасыл- Ел Жуалы» қызметкері Карибаев Ринат, «Жуалы су» МКҚК операторы Курманкулов Нариман, №2 Мыңбұлақ орта мектебінің социологы Жұмабекова Динара, «INVIVO» зертхана медбикесі Төлєнова Гүлмира және ата- ана Каргашева Маржан барлығы тоғыз адам келісім беріп отырғанын айтты. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері Г.Аманова таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрайымына Сатаева Ұлтусынды ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша музыка жетекшісі Ахметова Галия тағайындалды.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Р.Кишкенебаева қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2022 жылдың ақпан айынан 2022 жылдың желтоқсан айына дейін алты отырыс өткізіледі деп шешті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төрайымы болып Сатаева Ұлтусын сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:
Хатшы:

 Сатаева Ұ
 Ахметова F

**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі
отырысының
№2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 11.03.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Оқу материалдық базасының сақталуы мен үнемі толтырылуын қамтамасыз ету.
2. Балабақшада туындаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.
3. Қайырымдылықтан түскен қаражатты жұмсалып жатқан жолын қарастыру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісінің м.у.а. Кишкенебаева Раушан сөз алып: балабақшаның әдістемелік кабинеті оқу-әдістемелік әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен, балалар көркем әдебиетімен жабдықталған. Әдістемелік әдебиеттер білім беру саласы бойынша жүйеленген. Балабақшадағы педагогикалық қызметті ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қолдау мақсатында қазақстандық "Мектепке дейінгі тәрбие", "Отбасы және балабақша» журналдарымен және аудандық басылымдармен қамтамасыз етілген. МДҰ-дағы тәрбие-білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету толықтыру мен жаңартуды талап етеді. Топтардағы дидактикалық көрнекі материалдар барлық бес сала бойынша жасақталып, "Жыл мезгілдері", "Балабақша", "Өсімдіктер", "Ойыншықтар", "Көлік", "Жәндіктер", "Жемістер", "Мамандықтар" дидактикалық материалдары бар. Бұл да баланы дамытуда аздық етеді. Сондықтан осы мәселені бірлесіп шешуді ұсынамын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Аманова Гулжан сөз алып, балабақшада осы аталған кемшіліктерді жою мақсатында балабақша ішілік театр көрсетілімі ұйымдастырылып, одан түскен қаражатқа балабақша балаларына арналған дамытушы ойыншықтар және де тағы басқа да керекті заттарды алуды ұсынды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Курманкулов Нариман: балабақшадағы кәсіпкер ата-аналарды қайырымдылық жасауға, көмек қолдарын созуға қайырымдылық акциясын ұйымдастырып беретінін айтты. Соған балабақша тарапынан да көмек болса деген ниетін білдірді.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Оқу материалдық базасының сақталуы мен үнемі толтырылуы қамтамасыз етілсін.
2. Балабақшада туындаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар назарға алынсын.

3. Қайырымдылықтан түскен қаражаттың жұмсалыу жолын тиімді пайдалансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:

Сатаева Ұ

Ахметова F

**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі
отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 17.06.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

- 1.1-маусым балаларды қорғау күніне орай қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп акция ұйымдастыру, өкізу.
2. Қамқоршылық кеңесінің I жарты жылдық жұмысының талдауы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Жақсылықова Алия жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейндегі сумен ойындар кезінде, сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, кимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды. Балабақша әдіскері Г.Аманова жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс-шаралар жоспарымен тағыстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Сатаева Ұлтұсын 2021-2022 оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Ол өз есеп беруінде Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес құрылған балабақшаның қамқоршылық кеңесі 9 мүшеден құрылғанын, жұмыс жоспарына сай 6 отырыс жоспарланғанын, барлық отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірілер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды. Жұмабекова Динара-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Балабақшада балалардың шынығуына жағдай жасалған. Жыл сайын жазғы сауықтыру жұмысында бассейндегі жұмыстар, құммен ойындар жүргізілетінін көріп жүрміз. Каргашева Маржан- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:

Жаз мезгілде таңертеңгі қабылдаудан бастап таза ауда жүргізіледі. Таңертеңгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайымы Сатаева Ұлтусын қорытындылады. Ол жалпы балабақшада жазғы сауықтыру мезгіліндегі жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру іс-шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.
2. Балабақшада құрылған Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



Сатаева Ұ



Ахметова F

**«Шапағат» бобекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі
отырысының
№4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 14.09.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Балабақшадағы балаларға берілетін тағамның сапасына мониторинг жүргізу.

Бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике Жақсылықова Алия бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Жақсылықова Алия балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәруменді терапия С дәрумені кальциймен көктем-күз айларында берілсе, қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Сондай-ақ жиі ауыратын балаларға дәрігердің тағайындауы бойынша физиотерапия жүргізілетінін де ескертті. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:
Сатаева Ұлтусын: балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын, - деді.

Толенова Гулмира: балабақшадағы науқастанудың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстарының барлығына қанағаттанамын, - деді.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайымы Сатаева Ұлтусын қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен

мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін;

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатшы:



Сатаева Ү

Ахметова Ғ

**«Шапағат» бобекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі
отырысының
№5 хаттамасы**

Өткізілген күні: 16.11.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Әлеуметтік көмекке мұқтаж қамқорға алынған бааларға көмек көрсету жолдарын қарастыру. Тәрбиешілермен бірлескен жұмыс (байқаулар), отбасылық сайыстар өткізуді ұйыдастыруға жәрдемдесу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісінің м.у.а. Кишкенебаева Раушан сөз алып: қазіргі таңда балабақшада әлеуметтік қолдауды қажет ететін 5 тәрбиеленуші бар. Мұндай толық емес отбасы, аз қамтамасыз етілген, күн көрісі төмен отбасынан шыққан балалар тек ерекше тәрбие мен білім беру тәсілдеріне ғана емес, сондай-ақ материалдық қолдауға мұқтаж. Қамқоршылық кеңестің басты міндеттерінің бірі балабақша дамуының бюджеттен тыс қорын қалыптастыру. Оның қаражатын ашық және ұтымды бөлу. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау керек деп білемін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі- Каргашева Маржан: жоғарыда қозғалған күн көрісі төмен отбасынан шыққан балаларға жүйелі материалдық көмек көрсету бойынша балалардың тізімі алынып, жоспардағы жұмыстар жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін балабақша педагогтары мен белсенді ата-аналар арасынан бастамашыл топ құру керектігін ұсынамын.

Балабақша әдіскері- Аманова Гүлжан: әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларды қолдау мақсатында балабақшаның материалдық – техникалық базасы нығайтылып, акция, балабақшаішілік шаралар ұйымдастырылды. Балабақшаішілік байқаулар, мен сайыстардың жоспарланғандығын алдағы уақытта ұйымдастырылып, жүзеге асырылатындығы жайлы баяндады. Одан әрі балабақшаның негізгі міндеттері мен қызмет бағыттары, ұйымдастыру мен тәртібі, мақсаттары мен міндеттері жайлы танысып, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыстарға тоқтала келе, қамқоршылық кеңесінің құрамына мүшелер бірлесе жоспарланған жұмыстардың жүзеге асырылығанын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Әлеуметтік көмекке мұқтаж қамқорға алынған бааларға көмек көрсету жолдарын қарастырып, тәрбиешілермен бірлескен жұмыс (байқаулар), отбасылық сайыстар ұйыдастыру қолға алынсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Сатаева Ұ
Хатшы: Ахметова Ғ



**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңесі
отырысының
№6 хаттамасы**

Өткізілген күні: 21.12.2022 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің есебі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Сатаева Ұлтусын 2022-2023 оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Ол өз есеп беруінде Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес құрылған балабақшаның қамқоршылық кеңесі 9 мүшеден құрылғанын, жұмыс жоспарына сай алты отырыс жоспарланғанын, барлық отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірлер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Жұмабекова Динара-Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Балабақшада балалардың шынығуына жағдай жасалған. Жыл сайын жазғы сауықтыру жұмысында бассейндегі жұмыстар, құммен ойындар жүргізілетінін көріп жүрміз.

Теленова Гүлмира- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Жаз мезгілде танертеңгі қабылдаудан бастап таза ауда жүргізіледі. Танертеңгі жаттығу балабақша ауласында жүргізілетініне балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайымы Сатаева Ұлтусын қорытындылады. Ол жалпы балабақшада жазғы сауықтыру мезгіліндегі жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшада құрылған Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Сатаева Ұ
Хатшы: Ахметова Ғ